

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: шағын орталық

«Балдырған»

Топ: ерте жас

Балалардың жасы: 1 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.12 - 08.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Соспанова Ж.С.

Тексерді: *Amf*

Оқу ісінің меңгерушісі: Алиманов А.Ж. Шоқаева А.Т.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	04.12.2023	05.12.2023	06.12.2023	07.12.2023	08.12.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) Сәлем, сәлем әнімен қарсы алу. (BilimKids-тегі медиа бөлімінде "Сәлем, сәлем!" мультфильмін қосу.) (музыка) Көңілді әуен қосу арқылы жағымды атмосфера құру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу".				

<p>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</p>	<p>Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту", "Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу".</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрышында тұрған ойыншықтардың біреуімен ойнау туралы қалауын айтуды, оны қолмен көрсетуді және атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнын жинауға ынталандыру, мақтау. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге ынталандыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға қызықтыру; қамқорлыққа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау және суғару керектігін түсіндіру және көрсету. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, қолды су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамал ілетін орынды немесе оның суретін көрсету. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салу үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау керектігін түсіндіру. (еңбек дағдылары)</p>

	<p>"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.</p> <p>Педагог әр балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбіз (мұрын), шелек пішіндерін табақшаға салып береді.</p> <p>Жұмыс</p>	<p>«Көліктермен саяхат» дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларға заттарды көлеміне қарай салыстыруды үйретуді жалғастыру: үлкен мәшинеден үлкен аңдар, кішкентай мәшинеден кішкентай аңдар.</p> <p>Қоянның құйрығы қысқа, түлкінің құйрығы ұзын болады.</p> <p>Құралдар: әртүрлі мөлшердегі машинелер мен ойыншықтар.</p> <p>(сенсорика, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>«Аққала» саусақ жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қане, қане балақай, (шапалақ)</p> <p>Тұрғызамыз аққала! (аққаланы қалай жасайтындарын қолмен көрсету)</p> <p>Аққаланы айналып, (шеңбер болып айналады)</p> <p>Ойнаймыз біз шаттана. (шапалақ)</p> <p>Аққала, аққала Сені жасап бәріміз, Айналамыз қуана! (шеңбер болып айналады))</p> <p>(Г.Жетписова)</p> <p>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>«Қоян»</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Тілдерін дамыту, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ұзын құлақ, сұр қоян,</p> <p>Естіп қалып сыбдырды,</p> <p>Ойлы-қырлы жерлерден,</p> <p>Ытқып-ытқып секірді.</p> <p>Қарап еді артына,</p> <p>Қиығын сап көзінің.</p> <p>Келе жатқан томпаңдап,</p> <p>Көжегі екен өзінің.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Саусақ жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.</p> <p>Көмекшілер көп менде,</p> <p>Күнде еңбектенеді.</p> <p>Тыным таппай күніге,</p> <p>Маған көмектеседі.</p> <p>Бір, екі, үш, төрт, бес,</p> <p>Демалайық, отыр тез.</p> <p>Өрлі-берлі қозғалды,</p> <p>Тырсылдатты жан-жақты.</p> <p>Бір, екі, үш, төрт, бес,</p> <p>Жұмысқа кіріс тез.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	---	---	--	--

<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қою, жалау ұстаған қолдарын алдыға ұстау. 1.1. Жалауларды жоғары көтеру, жалауларды оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау). 1.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстау. 2–1 жерге отыру, жалауларды иық тұсына қою, тұру, жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау). 2–2 бастапқы қалыпқа келу. 3. Екі жалауды бір қолға ұста,, бір орында 20-30 сек. секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</p>
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста баяу ойналатын әуенжазбаны қосу. Көркемсөз Д. Ахметова "Қыс келді!" Қыс келді! Ду қол шапалақ! Қыстың тоны аппақ! Аппақ аула, Қуанады бала. Қыс келді! Ду қол шапалақ! (сөйлеуді дамыту)</p>

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Қоян секіруге шақырады". Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіру дағдыларын пысықтау; бір орында тұрып секірудің техникасын пысықтау; өткен оқу қызметтерін қайталау; балаларды бір орында тұрып екі аяқты осып секіру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; доптарды көлемі бойынша ажырата білу іскерліктерін дамыту. "Үлкен және кішкентай доптар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Кеңістікті</p>	<p>Музыка "Пойыз". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажыратуды үйрету; музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; көлік мағынасын түсіндіру. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілетін дамыту; әнді тыңдап, сын-сипатын ажырата білу дағдыларын үйрету; музыканың сипатына сай ырғақты қимылдарды қайталай білу дағдыларын жетілдіру. "Көліктерді топта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Дене шынықтыру. "Тәуелсіз Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын меңгерту. Балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс орындау икемділіктерін жетілдіру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; кеңістікте өз дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын қалыптастыру; тақырыпқа қызығушылықтарын арттыру.</p>	<p>Дене шынықтыру "Алға, Қазақстан!" Мақсат-міндеттері. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту іскерліктерін жетілдіру; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіре отырып, дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту.</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Бәйтерек". Мақсат-міндеттері. Балаларды Бәйтерек кескінін бақылай отырып, көлденең қысқа сызықтардың салыну тәсілін игеруге үйрету; қарындашты үш саусақпен ұстау, қысқа сызықтарды тігінен орналасқан бейненің жоғарғы жағынан төменге қарай көлденең, бірыңғай қимылмен сол жақ қабырғасын оң жақ қабырғасына жеткізіп салуға жаттықтыру; қарындаштың ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға дағдыландыру; еліміздің астанасы туралы түсінік беру.</p>
---	---	--	---	---	--

Серуенге дайындық

Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

<p>Серуен</p>	<p>Қарды бақылау (қар жамылған алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды қыс мезгілінің ерешеліктерін және қарды бақылауға қызығушылықтары н ояту; қардың қайда жатқанына көңіл аудару, қысқы табиғаттың сұлулығын сөзбен айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, балалар, айналада не жатыр? - Иә, айналада қар жатыр. - Қар қайда жатыр? - Қар жерде жатыр.</p>	<p>Аула сыпырушының қысқы жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Үлкендердің еңбегі туралы білімдерін кеңейту, олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Күрекшені аламыз, Жолды қардан тазартамыз. Біз көңілді баламыз, Шаршамаймыз! - Қыста аула сыпырушыға қандай құралдар қажет? (Сыпырғыш, күрек, қырғыш, шелек.) - Қыста аула сыпырушы қандай жұмыс істейді? (Топтарға кіре берістегі жолдарды тазартады, қоқыстарды жинайды). - Сыпырушының</p>	<p>Қайыңды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ағаш туралы түсініктерін кеңейту; қайыңның басқа ағаштардан ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру; табиғатты қорғауға ұмтылысты тәрбиелеу. Балаларды қайың ағашына апару. Оның діңіне назар аударту. (Ақ және қара жолақтары киімге ұқсайды.) Балаларға аязды күндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатынын, сондықтан оларды ұстауға, бүлдіруге болмайтынын түсіндіру.</p>	<p>Қысқы ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға қыс мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты немесе ашық, боранды немесе аязды, суық немесе жылы болатынына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қараңдаршы. Не көріп тұрсыңдар. - Иә, айналада қар жатыр. - Аспанымыз сұр (көгілдір). - Қыста күн суық болады. - Адамдар жылы киімдерін киіп жүр. - Біз үстімізге нені</p>	<p>Қысқы шыршаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың шырша ағашы туралы ұғымдарын қалыптастыру, оның ақ қар астында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын қолдарына ұстату, олардың жапырақтарға ұқсамайтынын, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу. Педагог балаларды жасыл шыршаның алдына алып келеді. Аулада өсіп тұрған шырша болмаса, педагог пластиктен жасанды шыршаны</p>
---------------	--	---	---	--	---

Серуеннен оралу

Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету.
(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Алтын балық". Мақсат-міндеттері. Балаларды аквариум және онда жүзіп жүрген балықтардың дене мүшелері, тіршілік етуімен таныстыру; балықтар туралы түсінік беру; көлде жүзетін балықтар мен аквариумдағы балықтардың айырмашылығы туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Менің Отаным". Мақсат-міндеттері. Балаларға Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін жаттатқызу, мәнерлеп айтуды үйрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын оқығанда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай жасау. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.</p>	<p>"Мен түлкімін, түлкімін" аз қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жүргізушінің сөздерін мұқият тыңдауды, алаңда еркін қимылдар жасауды, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. Шарты: педагог түлкі рөлін сомдайды, балалар ойыншылар болады; "түлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға өтеді. Педагог қауіпсіздікті сақтау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп тынышталуына, өзін-</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Жүргінші жолы". Мақсат-міндеттері. Балаларды кірпіштен "жүргіншінің ала жолақты жолын" жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденең тізіп жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің нәтижесіне шаттану қабілетін арттыру. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын, түйсігін дамыту.</p>	<p>Музыкадан ойын-жаттығу "Елімнің рәміздері". Мақсат-міндеттері. Балаларға музыканы тыңдағанда жоғары және төмен дыбыстарды ажырату қабілеттерін дамыту; Отан сөзін естігенде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандару.</p>
--	--	--	--	---	--

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>"Артығын тап" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттері. Балаларға артық затты табуды үйрету; ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттерді ұсынады: қар, шана, доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес) (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Қысқыштармен ойналатын ойын. Саусақтарға арналған жаттығу. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпақтағы сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Ойын шарты. Жануарлардың құйрығын тауып, қыстырғышпен қыстырып біріктіреді. Ойын баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойы, тілінің дамуына зор ықпал етеді. (сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық жаттығу). Мақсат-міндеттері. Көркемсөзге қызығушылықты тудыру; ырғақты, дыбыстың сипатын сезіну қабілеттерін қалыптастыру. Балаларға қоянға көмектесуді ұсыну. Ол үшін тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау. 1. Ауызды ашу. - Қоян, аузыңды аш! Міне, осылай аш! Міне, осылай аш! Тістерін көрсету. - Қоян, тістеріңді көрсетші! Міне, осылай көрсет! Міне, осылай көрсет! 2. Тілді көрсету. - Қоян, тіліңді көрсетші! Міне, осылай көрсет! Міне, осылай көрсет! 3. Сәбізді тістеу. - Мен сәбізді</p>	<p>Саусақ жаттығуы «Қыста көңіл көтеру». Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде жағымды эмоцияларды дамыту. - Қыста не істегенді жақсы көреміз? Ақ шанамыз зырлайды, Ақ қар оны шыңдайды. Біреу шаңғы тебеді, Біреу мұзда сырғанады, Ал біреу қардан аққала жасайды. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Суық - жылы» ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалар кілемге малдас құрып отырады. Тәрбиеші: «Балалар, суық жел соқты». Балалар қолдарын кеудесіне айқастырады, қорыққан кейіп көрсетеді. Тәрбиеші: «Күн шықты. Күн жып-жылы болды» дегенде, балалар демалады, жүгіріп ойнайды. Тәрбиеші әрекеттерді орындайды, балалар оған еліктейді. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)</p>
-------------------------------------	--	---	--	--	--

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативтік дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояға арналғына суреттерін бояу, аққаланы мүсіндеу және жапсыру жұмыстарымен айналысу. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>Рөлдік ойындар.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Әңгімелесу: "Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы", "Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту".</p>

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ
ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Білім беру ұйымы : шағын орталық

«Балдырған»

Топ: ерте жас

Балалардың жасы: 1 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.12 - 15.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні : Соспанова Ж.С.

Тексерді: *Amf*

Оқу ісінің меңгерушісі: Алиманов А.Ж. \ Шокаева А.Т.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	11.12.2023	12.12.2023	13.12.2023	14.12.2023	15.12.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	"Отаным - Қазақстан" тақырыбына әңгімелесу. Туған жер ұғымын қалыптастыру. "Отан, туған өлке, туған ел ұғымдарын білеміз бе", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде".				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау және суғару керектігін түсіндіру және көрсету. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, қолды су ағымы астына өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамал ілетін орынды немесе оның суретін көрсету. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салу үлгісін көрсету; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау керектігін түсіндіру. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус өсімдігінің жапырақтары жалпақ, үлкен, беті тегіс болатынын бақылау. (еңбек дағдылары)</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын алып тастауды көрсету; суару қажеттілігін анықтау; құрғақ топырақты ылғалдандыру, суару үлгісін көрсету.</p>
--	---	--	--	--	--

	<p>Ойын. "Пирамиданы құраймыз". Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілі көтеріңкі, мінездері жайдары болуына жағдай жасау; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Түрлі түсті шеңберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстіңгі түсті алып, Қайта кілемге шашамын. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)</p>	<p>"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру. Мақсат-міндеттері. Балаларда туған өлкесі, туған елі туралы түсініктер қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту. Суретте бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер. "Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары. Мақсат-міндеттері. Арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту.</p>	<p>"Шаршылардан мұнара құрастыру" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Көлемі мен түсін ажырату, кеңістік пен жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. Көркемсөз. Фариза Оңғарсынова "Жаз". Гүл бөлеп, хош иіске атырабын, Ағаштар жайып салды жапырағын. Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа, - Өзенде мың бұралып жатыр ағын.</p>	<p>"Менің Отаным" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан туралы" тақпағын мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру. Отан туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыра бастау. Құралдар: балалардың санына қарай Қазақстанның табиғаты бейнеленген кәдесый жалаулары. Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап тұрады, педагогке</p>	<p>"Сылдырмақ" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың ырғақты естуін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркемсөзді айтып отырып, қолындағы ойыншықты қимылдату; қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Педагог балаларға сылдырмақтарды таратады, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылуға тартады. Сылдырмақты соқтық, Қолға алдық "тоқ-</p>
--	--	---	--	---	---

Ертеңгілік жаттығу

1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшак, жалау ұстаған қолдарын алға ұстау.
 - 1.1. Жалауларды жоғары көтеру, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау).
 - 1.2. Бастапқы қалыпқа келу.
2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауларды екі қолға ұстау.
 - 2-1 жерге отыру, жалауларды иық тұсына қою, тұру, жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау).
 - 2-2 бастапқы қалыпқа келу.
3. Екі жалауды бір қолға ұстау, бір орында 20-30 сек. секіру.
(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)

**Ұйымдастырылған
іс-әрекетке
дайындық**

Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

Мақсат-міндеттері. Балаларда көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.

Мәшинелер жүреді ары-бері,

Алға және кері.

Жүкті тасымалдайды,

Жақын жерге, алысқа бағыттайды.

"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)

Мақсат-міндеттері. Балаларда сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре білу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.

Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.

- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіндерші.

Педагог балаларға торғайлардың қанатына ұқсатып, қолдарын жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.

- Жарайсыңдар!

- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.

- Қалай шоқитынын көрсетейікші.

Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.

- Жарайсыңдар!

Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.

- Торғайлар, торғайлар,

Ұшыңдар, ұшыңдар!

Жолға отырып қоныңдар,

Жемді шоқыңдар!

Педагог рульді ұстап, автомобильді сомдайды, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.

- Автомобиль келе жатыр!

Абайлаңдар!

Ұшыңдар жан-жаққа:

Қыш! Қыш!

Ойын екі рет ойнатылады.

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Тальго пойызы". Мақсат-міндеттері. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру іскерліктерін; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүру жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін пысықтау.</p>	<p>Музыка "Әсем шырша". Мақсат-міндеттері. Балаларды музыканы сезіне білуге үйрету; әнді тыңдау, әуенге ілесе айта білуге және жаттығуларды дұрыс орындауды үйрету; жаңа жылдық музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасауға машықтандыру; Жаңа жыл мерекесінің қызықтарымен таныстыру.</p>	<p>Дене шынықтыру "Қалайық қардан аққала". Мақсат-міндеттері. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалатуды (арақашықтығы 1-1,5м) үйрету; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалайтынын көрсету және себебін түсіндіру. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту; кеңістікте допты домалату дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-</p>	<p>Дене шынықтыру "Аққала". Мақсат-міндеттері. Балаларға допты қақпаның ішіне қарай домалатуды үйрету және дағдысын жетілдіру; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалайтыны жайлы білімдерін толықтыру; балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалату техникасын дұрыс орындау ептілігін жетілдіру; аяқ-қол қимылын үйлестіру, дәлдікті дамыту.</p>	
---	--	---	---	---	--

Серуенге дайындык

Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналык дағдылар, дербес әрекет)

<p>Серуен</p>	<p>Қыста құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қыста құстардың тіршілігі туралы білімдерін тереңдету; оларға көмектесуге ынталандыру. Торғай, торғай, тоңдың ба, Тұра алмайсың орныңда? Бір қонасың, бір ұшып, Отырасың бүрісіп. Қарап қойып жай ғана, Жем іздейсің айнала. Үйге кірші, торғайым, Мен аяздан қорғайын. Үйшік жасап берейін, Алдыңа жем төгейін.</p>	<p>Қыс мезгілінде өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатқа құрметпен қарау сезімдерін тәрбиелеу. Күзде отырғызылған ағаштар мен бұталарды қар жауғаннан кейін айналып өту. Олардың қаншалықты мұқият отырғызылғанын, олардың талдары жіңішке және аласа екенін еске түсіру. Балаларға оларды жылы қармен жауып жылытуға болатынын айту, өйткені шөптер де қардың астында</p>	<p>Өтіп бара жатқан адамдардың киімдерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға қыстың келгенін байқату (күн суытты, қар жауды, мұз қатты, боран соқты; адамдар жылы бас киім, тон, етік киді). Бұл киімдер адамдарға жылы және ыңғайлы болады. Балалардың үстіне киген киімдеріне назар аударту, сұрақтар қою. Боран соғады оң жақтан, Боран соғады сол жақтан. Жауған қарды ұстасақ, Су өтеді қолғаптан. Қимылды ойын. «Топ, топ, топ -</p>	<p>Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында көліктер туралы түсініктер қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Машинелер жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды. "Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларда белгі бойынша жан-жаққа</p>	<p>Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатынын айту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруді үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері. "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Аяғымен итеріліп отырып, белгі бойынша қар үйіндісіне дейін шанамен жылжу.</p>
---------------	---	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
------------------------	---

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері. Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауды үйрету; тақпақ арқылы сөздік қорын жетілдіру. Жаңа сөздер арқылы еске сақтау, зейін, сөйлеу, қабылдау қабілетін дамыту.</p> <p>"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бірігіп шеңбер құруды үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығудан жағымды әсер алу</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қар жауды". Мақсат-міндеттері. Балаларды қысқы табиғи құбылыстармен таныстыру; жауған қардың салмағы, түсі, қозғалу ерекшеліктерін байқап, қыс мезгіліне ғана тән құбылыс екені туралы ұғымдарын кеңейту; балалардың жағымды эмоцияларға бөленуіне жағдай жасау.</p> <p>"Шыршамыздай айналып" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды желге ұшқан жапырақтың қозғалысына еліктеуді үйрету, жағымды эмоциялық</p>	<p>Сенсорикадан ойын-жаттығу "Шыршаны безендіру". Мақсат-міндеттері. Балаларға біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру және салыстыру қабілеттерін үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сай орындату; көлемі әртүрлі, бірақ түстері біркелкі үшбұрыштарды өзара салыстыра отырып, жоспарланған біртұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері. Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру; ғажайып дорбадағы заттарды атауды үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу қорын жетілдіру. Балалардың жаңа сөздер арқылы еске сақтауы мен тілін, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.</p> <p>"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың түстер мен пішіндерді қабылдауын; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: түрлі түсті, көлемдері бірдей геометриялық</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балаларды "Үйшік" ертегісінің желісімен таныстыру, мазмұны бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; ертегіні мұқият тыңдау және кейіпкерлер әрекеттерінің желісін бақылауды үйрету. Балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдау қабілетін, еске сақтауын дамыту.</p>
--	---	---	--	---	--

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>"Баулармен ойнау" ойыны. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Тәрбиеші балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді. Педагог: - Қараңдаршы, балалар, бұның шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды өткізу керек. Мен бауды әр тесікке бір жағынан, екінші жағынан өткіземін. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараңдар. Ал енді, сендер жасап көріңдер. Балалар баулармен әртүрлі оюлар жасап көреді. (сенсорика)</p>	<p>Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алуды және дөңгелектерді илеу амалдарын игерту. "Қар жауды". (мүсіндеу)</p>	<p>"Сипау арқылы тап" ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауды үйрету. Құрал-жабдықтар. Тәрбиеші жаңа жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Педагог: - Балалар, Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті. Сендер оларды қаптан шығармай, сыртынан сипау арқылы атауларың керек. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)</p>	<p>"Әртүрлі түстер (бірінші бөлім)" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал ету, түстерді атауға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Өлең оқу. Жарқырайды жұлдыздарым, Ілінген моншақтарым, Жымияды көк шарларым, Күлімдейді ойыншықтарым. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
-------------------------------------	---	---	---	---	--

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілі тақырыбындағы бояуға арналған суреттерін бояту. Аққаланы мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>Еркін рөлдік ойындар.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>«Отаным - Қазақстан» тақырыбына әңгімелесу. Туған жер ұғымын қалыптастыру. «Отан, туған өлке, туған ел ұғымдарын білеміз бе?».</p>

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ
ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Білім беру ұйымы : шағын орталық
«Балдырған»
Топ: ерте жас
Балалардың жасы: 1 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.12 - 22.12.2023ж.
Педагогтың аты-жөні : Соспанова Ж.С.

Тексерді: *Amf*
Оқу ісінің меңгерушісі: Алиманов А.Ж. \ Шокаева А.Т.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	18.12.2023	19.12.2023	20.12.2023	21.12.2023	22.12.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Қоршаған ортадағы құбылыстар жөнінде әңгімелесудің маңыздылығы", "Бала заттардың қасиеттерін қалай зерттеп біледі?"				

<p>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>		<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымының астына қолдарын қойғанын қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалық сақтаудың қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалды ілетін орынды және суретін көрсету.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірімен ойнау туралы қалауын айтуды, қолмен көрсетуді, заттың атын атауды үйрету, ойыннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәбиелеу.</p>	<p>"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салудың үлгісін көрсету; бөлшектерін жинауға шақыру, қатыстыру; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.</p>
--	--	--	---	--	---

